Ұсыныстар үміткердің алдағы жұмыста табысты болуына нақты болжам жасауға және мемлекеттік қызметке іріктеу қателерінің тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді. Ұсыныстар үміткерлерге бірдей сұрақтар қою арқылы сұхбатты бірыңғай стандарттар бойынша жүргізуге көмектеседі, бұл осы үдерістің объективтілігі мен әділдігін арттыруға және іріктеу шарттарының теңсіздігін айыптауды азайтуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстар Қазақстан Республикасының «А» және «Б» корпустарының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне арналған НЕГІЗГІ ЖӘНЕ САРАЛАУШЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР ҮЛГІСІН (бұдан әрі – ҮЛГІ) қамтиды. Құзыреттер бойынша сұхбат жүргізу осы ҮЛГІГЕ негізделуі тиіс.

### Персоналды таңдау мен іріктеу үдерісінің маңыздылығы

Персоналды таңдау және іріктеу адами ресурстарды басқарудың маңызды үдерістерінің бірі болып табылады, өйткені ол персоналдың сапасы мен кәсібилігіне тікелей әсер етеді. Жалдау қателері мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау, оқыту, еңбекақы төлеу және алға жылжыту жөніндегі барлық келесі жұмысты жоққа шығарады да, бұл үдерістерді ресми бюрократиялық рәсімдерге айналдырады.





**Таңдау және іріктеу үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:**

1. Лауазымдық нұсқаулық пен біліктілік талаптарын талдау және ҮЛГІДЕН негізгі құзыреттерді анықтау.
2. Іздеу және тарту (бос лауазымға конкурс жариялау).
3. Үміткерлердің ұзын тізімін әзірлеу (барлық үміткерлермен жұмыс жасау).
4. Іріктеу (түйіндеме скринингі, ұсыныстар жинау, үміткерлерді тестілеу), үміткерлердің қысқа тізімін құру.
5. Сұхбат жүргізу, шешім қабылдау.
6. Жұмыс ұсыну және қызметкерді рәсімдеу.
7. Жаңа қабылданған қызметкердің бейімделуі.

Әдістемелік ұсыныстар сұхбат жүргізу кезеңіне арналған. Сұхбаттың келесі түрлері бар:

№	ТҮРІ	АНЫҚТАМА	МЫСАЛ
1	<b>Өмірбаяндық сұхбат</b>	Өткен тәжірибені жартылай құрылымдық зерттеу	Өзіңіз туралы айтыңыз
2	<b>Жағдаяттық сұхбат</b>	Жауаптары ықтимал жауаптар серия көмегімен бағаланатын жұмысқа байланысты алдын ала әзірленген гипотетикалық сұрақтар сериясы	Көп балалы ана әкімдікке тұрғын үй талабымен келді. Ол 2000 жылдан бері кезекте тұр. Ол өте ашулы. Сіз бұл жағдайда не істейсіз? Жауап нұсқасы...
3	<b>Құзыреттер бойынша сұхбат</b>	Нақты сипаттамалар (құзыреттер) бойынша ақпарат алуға арналған сұрақтардың құрылымдық сериясы	Нақты құзыреттер бойынша ақпарат алуға және бұрын көрсетілген мінез-құлық стереотиптері негізінде лауазымдағы табыстылықты анықтауға мүмкіндік беретін мінез-құлықтың алдыңғы үлгілері туралы сұрақтар.

## Мемлекеттік қызметшінің құзыреттері дегеніміз не

**Құзырет** – бір адамдардың басқаларға қарағанда жұмыс талаптарына жақсырақ сәйкес келетіндігін сипаттайтын мінез-құлық реакцияларының жиынтығы. Құзыреттер бойынша сұхбаттың басты мақсаты – жұмысты табысты орындауға қажетті деңгеймен салыстырғанда үміткердің құзыреттерді көрсету деңгейін анықтау. Жұмыста табысты болу үшін үміткердің кәсіби біліктілігі де, сондай-ақ жеке бас құзыреттері де болуы керек.

Мемлекеттік қызметшілердің **құзыреттік ҮЛГІСІ** мемлекеттік қызметшінің табысты жұмыс істеуіне негіз болып табылатын нақты мінез-құлықтық сипаттамаларды анықтауға бағытталған үлкен зерттеу негізінде әзірленді.

Құзыреттер дағдыларға, білімге, әлеуметтік рөлге, «мен» бейнесіне, адамның уәждеріне, жеке қасиеттеріне негізделеді және ұзақ уақыт аралығында қалыптасады.



## Құзыреттерге негізделген сұхбат дегеніміз не

Құзыреттер бойынша сұхбат – сұрақтар нақты құзыреттерге қатысты тұжырымдалатын құрылымдалған сұхбаттың түрі. Үміткерден нақты бір құзыреттің бар-жоғын көрсеткен нақты жағдайларға мысал келтіруді сұрайды. Нәтижесінде біз әр құзырет бойынша үміткердің мықты және әлсіз жақтары туралы ақпарат аламыз.


Үміткерлерге өзі туралы барынша айтуға мүмкіндік беретін өмірбаяндық сұхбатта үміткерден оның білімі, тәжірибесі, болашаққа деген жоспарлары, мақсаттары және уәждемесі туралы сұрайды. Бұл жағдайда комиссия мүшелері әлеуметтік қажетті жауаптарды алуы мүмкін, сондықтан бұл жалдау кезіндегі қателіктерге әкелуі мүмкін.

Құзыреттер бойынша сұхбат үміткердің бос лауазымдағы жұмысқа қажетті жеке қасиеттері туралы ақпаратты дәл жинауға мүмкіндік береді.

### Сұхбат жүргізудің кезеңдері

Сұхбат жүргізудің 3 кезеңі болады: сұхбат жүргізуге дайындық, сұхбат жүргізу, үміткерлерді бағалау және шешім қабылдау.

## Сұхбат құрылымы




### Сұхбатқа дейін

- Құзыреттердің таңдалуы
- Басшылықтың сұхбат жүргізуге дайындығы
- Логистика



### Сұхбат кезінде

- Алғысөз
- Кәсіби тәжірибеге шолу
- Құзыреттерді зерттеу
- Қорытынды



### Сұхбаттан кейін

- Бағалау
- Келесі қадамдар туралы шешім қабылдау

## 1-кезең: Сұхбат жүргізуге дайындық

### 1.1 Дайындық

Комиссия мүшелері үміткердің түйіндемедегі ақпаратты алдын-ала зерделеп, көрсетілген күн, уақыт аралығын тексеріп, бос позицияның міндеттеріне сәйкес келетін тәжірибе туралы ақпаратты талдауы керек.

### 1.2 Құзыреттерді таңдау

Әрбір нақты сұхбат үшін мемлекеттік қызметшінің құзыреттер үлгісінен нақты бос жұмыс орны үшін маңызды болып табылатын 3-4 құзыретті таңдау қажет.

Ол үшін:

- Лауазымдық қызмет нұсқаулығын оқып шығу
- Негізгі функционалдық аймақты таңдау
- Үлгіден құзыреттерді анықтау
- Құзыреттердің қажетті индикаторларын таңдау
- Лауазымның функционалы және таңдалған құзыреттер негізінде сұрақтарды құрастыру

«Қызмет-құзыреттер-сұрақтар» талдауының мысалын келтірейік

Лауазым	Облыстың Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының жылу, электр желілер, қазандық және тұрмыстық газ шаруашылығы объектілерін және көтергіш құрылыстарды бақылау бөлімінің басшысы		
Функционалдық қызмет	Құзырет	Индикаторлар	Сұрақтар
Тұтынушылардың жылу пайдаланатын қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін бақылауын, жылу желілері бойынша жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының дайындығы мен орындалуын және күзгі-қысқы кезеңде олардың жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады.	Шешім қабылдау	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Бөлімше қызметін ұйымдастыру кезінде тапсырмаларды дұрыс бөліп береді.</li> <li>- Шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты жинауды ұйымдастырады.</li> <li>- Қызметшілермен шешім қабылдау кезіндегі тәсілдерді талқылайды</li> <li>- Әртүрлі көздерден алынған деректерді ескере отырып, ықтимал тәуекелдерді талдайды және болжайды.</li> <li>- Шешімдерді өз құзыреті шегінде ықтимал тәуекелдер мен салдарларды ескере отырып қабылдайды.</li> </ul>	<p>Тұтынушылар қондырғыларының пайдалануын және техникалық жағдайын бақылау үшін сіздің өткен тәжірибеңізден мысал келтіруіңізді өтінеміз.</p> <p>Жылу желілері бойынша жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының дайындалуын бақылауды қалай жүзеге асырдыңыз?</p>

	<p>Қызмет тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлау</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сапалы қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастырады да, туындаған мәселелерді шешеді</li> <li>- Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттану деңгейін анықтау үшін жағдай жасайды</li> <li>- Қызмет көрсету сапасын бақылайды; сондай-ақ оны өзінің жеке үлгісінде көрсетеді</li> <li>- Қол астындағы қызметшілерді тұтынушыларға ақпаратты қалай жетік түрде жеткізуді үйретеді (түсіндіреді)</li> <li>- Ақпаратты тұтынушыға құрметпен және тілектестікпен жеткізеді</li> <li>- Қызмет тұтынушылардың пікірін құрметтейді</li> </ul>	<p>Сіз қандай қиыншылықтарға тап болдыңыз?</p> <p>Осы мәселелерді қалай шештіңіз?</p>
--	--	--	---

### 1.3 Басшылықты сұхбат жүргізуге дайындау, ең қолайлы мәселелерді таңдау

Тең шарттарды сақтау үшін барлық үміткерге бірдей сұрақтар қою керек. Барлық сұхбат алушылар/ комиссия мүшелері таңдалған мәселелерді ұстануы қажет. Түсініктеме жазу үшін де уақыт бөлу қажет.

Әр құзырет бойынша сұрақтар үшін орташа есеппен 15-20 минут қажет. Сондықтан 3-4 құзыреттерді талқылау үшін 1 сағат уақыт қажет болуы мүмкін. Осы әдістемелік ұсынымдарда ҮЛГІГЕ сәйкес құзыреттер бойынша мүмкін болатын сұрақтардың мысалдары келтірілген.

### 1.4 Логистика

Әңгімелесу өткізілетін орын-жайды дайындау, әңгімелесу өткізу үшін барлық қажетті материалдар мен нысандарды дайындау, яғни **логистика** маңызды сәт болып табылады. Оның мақсаты кандидаттар мен сұхбат алушылар/комиссия мүшелері үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Сұхбат жүргізуге қажетті заттар: лауазымдық нұсқаулық/лауазымның сипаттамасы /функционал/ біліктілік талаптары; кандидаттардың түйіндемелері; жазуға арналған қағаз, сұхбатқа арналған сұрақтар тізімі, қаламдар, қарындаштар, қажет болған жағдайда бағалау бланкілері.

Панельдік сұхбат жүргізгенге дейін қандай құзыреттер зерттелетінін және олар қалай бағаланатынын анықтау үшін комиссия мүшелерінің алдын-ала кездесуін өткізу маңызды.

Панельдік сұхбат келесі факторларға байланысты үміткерлер құзыреттерін зерттеудің неғұрлым күрделі нысаны болып табылады:

- әрекеттері үйлестірілген және құрылымдалған бірнеше сұхбат алушылардың болуы;
- құрылымдалған сұхбат жүргізудегі панельдік комиссия мүшелерінің тәжірибесі мен шеберлігінің деңгейінің әр түрлі болуы;
- үміткерлерге деген стресстің қосымша деңгейі және сұхбатты ыңғайлы өткізу үшін қосымша жағдай жасау қажеттілігі;
- панельдік сұхбат жүргізудің еңбек сыйымдылығы деңгейі және комиссия мүшелерінің шаршауы/сұхбат кезінде фокустың жоғалуы

Аталған қиыншылықтарға себепті келесі тәжірибелерді ескеру ұсынылады:


- Панельдік комиссияға оқытылған және тәжірибелі сұхбат алушыларды енгізу
- Үнемі сессияны бастау алдында сұхбат форматына және талап етілетін бланктерге қатысты нұсқама жүргізу
- Алдын-ала құзыреттерді бағалау және зерттеу үшін қажетті бланкілерді ұсыну және оларды дұрыс толтыру бойынша қажетті оқытуды қамтамасыз ету
- Комиссияның құрамына үйлестіруші және кеңес беруші рөлін атқаратын HR сарапшыны енгізу
- Үміткердің тәжірибесін және құзыреттерін мұқият зерделеу үшін сұхбат алу үдерісіне кемінде 90 минут уақыт бөлу
- Әрбір сұхбаттың қорытындыларын талқылау және қажетті бланкілерді толтыру үшін кемінде 15 минут уақыт бөлу
- Панельдік сұхбат саны күніне 4-тен артық емес және аптасына 12-ден артық емес болуы керек. Үміткерлердің құжаттарын алдын ала зерделеу және комиссияның жұмыс істеу қабілетін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз ете үшін, панельдік сессияларды бір күн өткен сайын өткізу керек

## 2-кезең: Сұхбат жүргізу

### 1.1 Алғысөз

Алғысөз, яғни сұхбаттың басталуы, сенім мен ізгі ниеттілік атмосферасын қалыптастыратын, сұхбат жүргізудің маңызды кезеңі болып табылады. Үміткермен сәлемдесіп, сұхбат алушылардың барлығымен таныстырып, оған құзыреттер бойынша сұхбаттың тұжырымдамасы, алатын уақыты және соңында комиссия мүшелеріне сұрақ қою мүмкіндігі туралы айту маңызды.

Төменде келтірілген негізгі тезистерді үміткерге сұхбат басында айту керек.



**Алғысөз**

- Танысу
- Мақсат
- Форматы. Қандай мысалдар естігіңіз келетінін түсіндіріңіз
- Ұзақтығы
- Ескертпелер жазу, сөз бөлу мүмкіндігі
- Сұрақтар кезеңі

### ҮМІТКЕРДЕН КЕЛЕСІЛЕРДІ ТАЛАП ЕТІҢІЗ

“Біз” емес, “Мен” есімдігін қолданып тек өзі туралы айтуды

Өткен шақты пайдаланып өткеннің нақты мысалдарын келтіруді

Жалпыға ортақ пікірді және гипотетикалық жауаптарды айтпауды

Комиссия мүшелерінің сұхбат құрылымын ұстануы, кейбір комиссия мүшелері үміткермен сөйлесуге көп уақыт жұмсамауы, кенеттен сұрақтармен сұхбат құрылымын бұзбауы маңызды. Комиссияның барлық мүшелері сұхбат барысын мұқият қадағалап, ескертпелер жазғандары жөн.


Сұхбат жүргізу үдерісінің барлық қатысушылары игі жағдайды жасауға жауапты. Сұхбаттың міндеті – үміткер туралы барынша расталған ақпарат алу. Ол үшін үміткерлерді жігерлендіру керек, яғни үміткер берген ақпаратты мұқият және қызыға тындай білу және дене тұрысы мен іс-қимыл арқылы сол ақпараттың қызықты әрі пайдалы екенін көрсету.

Сұхбат жүргізу барысында **пайымды пікірлерді қолданбау керек** («жақсы...», «... сұмдық», «өте жақсы, сіз қызметке лайықсыз...»).

## 2.2 Құзыреттер бойынша сұхбат жүргізу кезінде сұрақтар қою техникасы

Сұрақтардың әртүрлі түрлері және сұрақтарды қоюдың бірнеше техникалары бар («шұңқыр», “STAR”, “PARLA”, ...)

### Сұхбаттасудағы сұрақтар түрлері



- ▶ Ашық сұрақтар
- ▶ Нақтылаушы сұрақтар
- ▶ Салыстырмалы сұрақтар
- ▶ Жабық сұрақтар
- ▶ Идентификация сұрақтары
- ▶ Кіріспе сұрақтар

Қазіргі жұмыста сіздің басты міндеттеріңіз туралы айтып беріңізші?

Соңғы үш жылдағы ең үлкен кәсіби жетістігіңіз туралы айтып беріңізші?

#### Ашық сұрақтар мысалдары:

«Сіз бастаманы білдірген жағдайыңыз туралы айтып берсеңіз» немесе “Кім?”, “Не?”, “Қашан?”, “Қайда”, “Неге”, “Қалай”

#### Нақтылаушы сұрақтар мысалдары:

«Содан кейін не болды?», «Ал сіз жеке өзіңіз не үшін жауапты болдыңыз?»

#### Салыстырмалы сұрақтар мысалдары:

«Сіздің қазіргі жұмысыңыз бұрынғысынан қалай ерекшеленеді?»

#### Жабық сұрақтар мысалдары:

« Дұрыс түсінсем, ...?», «Сіз жоба жетекшісі болдыңыз ба?», «Сіз сұхбатты бастауға дайынсыз ба?», « Бізге сұрақтарыңыз бар ма?»

#### Идентификация сұрақтар мысалдары:

“Ол кім болды?”, “Сол курста сіз нені оқыдыңыз?”



# СҰРАУҒА БОЛМАЙТЫН СҰРАҚТАР

## Жетелеуші сұрақтар

«Мен сізге ... ұнады деп ойлаймын?»

## Гипотетикалық сұрақтар


«Қиын тұтынушымен кездескен жағдайда сіз не істер едіңіз?»

## Қосарланған сұрақтар

«Сіздің ойыңызша, бұл мәселеге не себеп болды, және сіздің ойыңызша, мәселе неде болды?»

## Таңдау сұрақтары

«Сіз жұмыстан еңбекақыға бола ма, әлде зеріккендіктен бешығып кеттіңіз?»



## Сұрақтар қою техникасы: «шұңқыр» қағидасы

Сұхбаттасуда «шұңқыр қағидасы» деп аталатын сұрақтар қою техникасы бар, алдымен сіз, мысалы, өткен тәжірибедегі жағдайларға қатысты ортақ ашық сұрақ қоясыз, содан кейін жағдайдың егжей-тегжейін ашып, нақтылаушы сұрақтар қоя бастайсыз.

Мысалы:

### Сұрақтардың шұңқыры қағидасы

Соңғы 3 жылдағы ең үлкен кәсіби жетістігіңіз туралы айтып беріңізші



Негізгі сұрақ («...жағдайдың мысалын келтіріңіз»)

Қосымша сұрақтар (нақтылаушы сұрақтар: «Бұл не жағдай болды?», «Жобаға тағы кім қатысты?», «Қандай шешімге келдіңіз?», т.б.)

Осы жобада сіз жеке өзіңіз неге жауапты болдыңыз?

Осы жобада сіз жеке өзіңіз неге жауапты болдыңыз?

Сіз бұл жобаны қалай ұйымдастырдыңыз?

Сіз жауапкершілікті қалай бөлдіңіз?


Сіз қандай қадамдар жасадыңыз?

Қандай қиындықтар болды?  
Нәтижесі қандай болды?

Сондай-ақ, құзыреттер бойынша сұхбат үшін басқа да бірнеше сұрақ қою техникалары бар:

## «STAR» Техникасы

Бұл жалдау бойынша сұхбат барысында сұрақтарды қою техникасы. Алдымен жағдаяттың мысалы бойынша сұрақ қойылады, содан кейін үміткерден осы жағдаятта орындаған тапсырмаларын, өз іс-әрекеттері мен қол жеткізген нәтижелерін баяндауды сұрайды.



«STAR» техникасы бойынша құрылымдалған жауап жинау

• S – situation	• Жағдаят
• T – task	• Тапсырма
• A – action	• Әрекет
• R – result	• Нәтиже


## Өзгерістерді басқару жұмыстағы өзгерістерді қолдайды – жұмыстағы өзгерістерге бастамашылық жасайды

S – situation      Жағдаят

### Нақты мысал:

Сіз өз жұмысыңызды қандай да бір жолмен жетілдіргеніңізге (өзгертулер енгізгеніңізге, жақсартқаныңызға) мысал келтірсеңіз

Ол қандай жағдаят болды?




## Өзгерістерді басқару жұмыстағы өзгерістерді қолдайды – жұмыстағы өзгерістерге бастамашылық жасайды

T – task

Тапсырма

Нақты мысал:

- Сіз қандай тапсырма алдыңыз?
- Бұл тапсырманы кім қойды?
- Осы тапсырманы орындағанда сіздің жауапкершілік аумағыңыз қандай болды?
- Оны іске асыру үшін тағы кім жауапты болды?




## Өзгерістерді басқару жұмыстағы өзгерістерді қолдайды – жұмыстағы өзгерістерге бастамашылық жасайды

A – action

Әрекет

Нақты мысал:

- Сіз не істедіңіз?
- Сіз не үшін жауапты болдыңыз?
- Қандай қиыншылықтарға тап болдыңыз?
- Мәселені шешу үшін қандай әрекет жасадыңыз?



## Өзгерістерді басқару жұмыстағы өзгерістерді қолдайды – жұмыстағы өзгерістерге бастамашылық жасайды

R – result

Нәтиже

Нақты мысал:

- Нәтиже қандай болды?
- Жоспарланған мақсатқа жеттіңіз бе?
- Компания және сіз үшін салдары қандай болды?
- Бүгінгі күні нені өзгеше істер едіңіз?



STAR техникасы бойынша бланк үлгісі

ТЕХНИКА		СҰРАҚ	ҮМІТКЕРДІҢ ЖАУАБЫ
S	Жағдаят	Жағдаятты бейнелеңіз	
T	Тапсырмалар мен мақсаттар	Алдыңызда тұрған мақсатыңыз қандай болды? Қандай тапсырмаларды орындадыңыз? Сіздің рөліңіз қандай болды?	
A	Әрекеттер	Мәселені шешу үшін қандай әрекет жасадыңыз? Сіздің рөліңіз қандай болды?	
R	Нәтиже	Қандай нәтижеге жеттіңіз? Сіздің рөліңіз қандай болды?	

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## Құзыреттер бойынша сұхбат жүргізу техникасы

- Тек нақты мінез-құлық туралы ақпаратты жинаңыз
- Әр құзыретке жағдайдың 3-тен кем емес маңызды мысалын табыңыз

- Жағдаятты мұқият зерттеңіз. Үміткерді жағдаятқа барынша берілуді қамтамасыз етіңіз (кім не деді? қандай жағдаятта? сияқты «шұңқыр» сұрақтары)
- Егер үміткер өте ұнаса, жағымсыз жақтарын іздеңіз!
- Егер үміткер ұнамаса, жағымды жақтарын іздеңіз!
- Интуицияға құлақ салыңыз! Сіздің сезінуіңізді растайтын мысалдар іздеңіз

## Толық емес және жалған мысалдар



### Толық емес мысалдарды бағалауға болмайды

Жағдаяттың, әрекеттің сипаттамасы бар, ал нәтижесі жоқ  
Жағдаяттың, нәтиженің сипаттамасы бар, ал әрекет жоқ

### Жалған мысалдарды анықтау керек

Келесі ретте мен ... істеймін  
Мен үнемі ... тырысамын  
Әдетте біз жұмысты сапалы істейміз  
Егер де мен шешім қабылдайтын болсам, мен ... істер едім



Құзыреттер бойынша сұхбат жүргізу техникаларының басқа да түрлері бар:

**STAR** (Жағдаят, Тапсырма, Әрекет, Нәтиже)

**PARLA** (Күрделі жағдаят, Әрекет, Нәтиже, Үйрену, Қолдану)

**CARL** (Мәнмәтін, Әрекет, Нәтиже, Үйрену)

## ТЕХНИКАЛАР

### STAR

**Situation** – үміткердің өткен тәжірибесінен нақты бір жағдаят

**Task** – үміткердің алдында тұрған тапсырма не мақсат

**Action** – мақсатқа жету үшін жасалған әрекеттер

**Result** – алынған нәтиже

### PARLA

**Problem** – үміткердің өткен тәжірибесінен нақты бір күрделі жағдаят

**Action** – күрделі жағдаятты шешу үшін жасалынған әрекеттер

**Result** – алынған нәтиже

**Learned** – берілген жағдаяттан не үйрендіңіз

**Applied** – қандай қорытынды шығардыңыз және алынған тәжірибені қалай қолдандыңыз

### CARL

**Content** – үміткердің өткен тәжірибесінен нақты бір жағдаят

**Action** – жағдаятты шешу үшін жасалынған әрекеттер

**Result** – алынған нәтиже және тап болған қиыншылықтар

**Learned** – берілген жағдаяттан не үйрендіңіз

## 2.3 Ескертпелер жазу

Сұхбат кезінде үміткерлер айтқан барлық сөздерді есте сақтау қиын, сондықтан сұхбат жүргізу кезінде ескертпе жазу өте маңызды. Бұл комиссия мүшелерінің құзыреттерге байланысты ақпаратты қаншалықты дұрыс бағалағанын тексеруге мүмкіндік береді. Ескертпелерді нақты фактілер мен мысалдар негізінде дәлірек жүргізу қажет. Сұхбат аяқталғаннан кейін бірден кандидат туралы пікірді жазу қажет.

## 2.4 Қорытынды. Сұхбаттың аяқталуы

Комиссия мүшелері барлық құзыреттерді талқылағаннан кейін үміткерге айтылғанның бәрін толықтыруға мүмкіндік беру қажет. Мысалы, «біздің әңгімеге қатысты айтар, немесе қосар сөзіңіз бар ма?».

Содан кейін үміткерге бос лауазым, мемлекеттік орган туралы айтып кету керек, сонымен қатар үміткерге сұрақтар қоюға мүмкіндік беру керек. Соңында қатысқаны үшін алғыс айтып, келесі кезеңдер мен мерзімдер туралы хабардар ету керек.



### 3-кезең: Үміткерлерді бағалау

Үміткерлерді бағалау сұхбат аяқталғаннан кейін жүргізу маңызды. Сұхбат барысында тек үміткердің жауаптарын тындап, жазып алу қажет.

Алдымен комиссияның әрбір мүшесі үміткердің құзыреттеріне жеке баға береді.

Ол үшін әрбір комиссия мүшесі барлық ескертпелерді оқып, қандай мысалдар, сөздер және фактілер құзыреттердің қандай индикаторларына жататынын талдап, анализ жасауы қажет. Бұл анализ **құзыреттердің жіктелуі** деп аталады.

Содан кейін бір құзыретке қатысты барлық фактілерді жинап, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттер **ҮЛГІСІНЕН позитивті немесе негативті индикаторлар** тұрғысынан үміткердің **жауаптарын бағалау** қажет.

Сұхбат барысындағы құзыреттерді бақылау, жазу, жіктеу және бағалау техникасы:



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** үміткерлерді бағалау кезінде әрбір құзырет бойынша біреуден артық, мүмкіндігінше 2-3 мысалдар болуы қажет. Барлық артықшылықтар мен кемшіліктерді, позитивті және негативті бағалауларды ақылға салып, қарама-қайшы фактілерді талдау қажет.

#### Таразымен ұқсастық

ТАРАЗЫМЕН МЫСАЛ	ИНТЕРПРЕТАЦИЯ	БАЛМЕН БАҒАЛАУ
	Индикаторлардың көпшілігі жағымсыз. Жағымсыз жақтары айқын.	1
	Жағымсыз жақтары көп, Жағымсыз индикаторлар саны жағымдылардың көп	2
	Құзыреттің жеткілікті деңгейі. Жекелеген салаларда кейбір негативті индикаторлардың болуы мүмкін	3
	Жағымды индикаторлар көп, кейбір жағымсыз индикатор бар	4
	Жағымды жақтары айқын, индикаторлардың көпшілігі жағымды.	5

Егер үміткер мысалдар ұсынбаса, «ақпарат жоқ» деген бағалауды пайдалану қажет.

Үміткерлерді бағалау кезінде жоюға қажетті белгілі бір мәселелер туындауы мүмкін: бір құзырет бойынша жақсы бағаларды басқа құзыретке көшіру, орташа бағалауды пайдалану, құзыреттерді араластыру.

### Құзыреттер бойынша сұхбат ескертпелерді талдау үлгісі

Үміткер: (Ү)

Сұхбат алушы: (СА)

Лауазымы: кадрлық іс жүргізу жөніндегі маман

### Құзыреттер бойынша сұхбат үзіндісінің жазбасы

СА: Жұмыста әлі кездеспеген жаңа мәселені шұғыл шешуге тура келген кезге мысал келтіріңіз.

Ү: Жаңа мәселелер аз, барлық мәселелер әдетте бірдей.

СА: Жұмыс орныңызда тап болған соңғы мәселе туралы айтып беріңізші.

Ү: Өткен аптада екінші маман демалыста болғандықтан маған екі адам үшін жұмыс істеуге тура келді. Бұл жұма күні болды, түстен кейін мен жұмысқа кептеліске байланысты кеш келдім. Жұмыста мені іздеген екен, өйткені дүйсенбі күні толық ресімделмеген жаңа қызметкерді іссапарға жіберу туралы шұғыл тапсырма келіп түсті. Оны жұмысқа қабылдау туралы бұйрыққа әлі қол қойылған жоқ еді. Ал бухгалтерия болса оған кешкі уақытқа дейін билет сатып алу үшін іссапар шығындарын төлеп бітіру керек, себебі дүйсенбі күні таңғы сағат 7-де сол қызметкерді басқа қалаға кету керек. Мен алдымен бәрін тез дайындауға уәде бергенмін, бірақ басқа да жұмыстарым көп болды. Соған бола маған өте қиын болды: үлгермегендіктен, сол қызметкерді жұмысқа ресми түрде қабылдау құжаты болмағандықтан, мен іссапарға жіберу туралы бұйрық дайындаудан бас тарттым. Бірінші басшы іссапарда болғандықтан бұйрыққа қолын қоюды үлгерген жоқ. Маған барлық сұрақтар жоғары басшылықпен келісілді деп айтқан, және жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарға қол қойылады деп айтқан. Басқа департамент қызметшілері олардың хал-жағдайын түсініп, бүкіл құжаттарды рәсімдеп оларды бухгалтерияға тапсыруды өтінді. Қаржы директоры іссапарға жіберу туралы бұйрықты шұғыл дайындауды талап етті. Бірақ менің олармен ұрысуға тура келді. Ақыр соңында, маған қысым жасай бастағанда, мен жылап қалдым....

Менің ойымша, мен дұрыс істедім, өйткені жұмыстың ресми ережелерін сақтау керек.

**Қызметкер осы жағдайда дұрыс істесе де, талдау(анализ) келесі құзыреттер бойынша жекелеген жағымсыз индикаторларды айқындады:**

СҰХБАТ СҰРАҒЫ	ҚҰЗЫРЕТТЕР	ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА (БАЛ)
Жұмыс орныңызда тап болған соңғы мәселе туралы айтып беріңізші	Серіктестік пен өзара әрекеттестік	2
	Шапшаңдылық	2
	Сабырлық	1



**Комиссия мүшесінің үміткерді жеке бағалау бланкісінің үлгісі**

СҰХБАТ ЖҮРГІЗУ КЕЗЕҢІ		ТАЛДАУ	ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА
Сұрақ 1	Құзырет		
	Құзырет		
	Құзырет		
Сұрақ 2	Құзырет		
	Құзырет		
	Құзырет		

**Бағалардың комиссия мүшелерімен келісілуі**

Жеке жіктеуді жүргізгеннен кейін және әрбір комиссия мүшесі бағалау қойылғаннан кейін үміткердің қорытынды бағасын талқылау және келісу қажет. Талқылауда, үдерістің объективтілігін және барлық пікірлерді есепке алуды қамтамасыз ететін жетекші маңызды рөл атқарады.

**Панельді сұхбаттың қорытынды бағасы бланкісінің үлгісі**

СҰХБАТ		СА1	СА2	СА3	СА4	КЕЛІСІЛГЕН ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА
Сұрақ 1	Құзырет	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/Жоқ
	Құзырет	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/Жоқ
	Құзырет	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/Жоқ
Сұрақ 2	Құзырет	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/Жоқ
	Құзырет	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/Жоқ
	Құзырет	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/Жоқ

Үміткердің бос лауазымға сәйкестігі туралы шешім қабылдаған кезде Комиссияның барлық мүшелерімен келісілген үміткерлердің қорытынды бағаларын ескеру қажет.

Үміткерлерді бағалау бланкілерін сақтау және сұхбатқа қатысушылардың барлығы мен комиссия мүшелері үміткер ұсынған ақпараттың құпиялылығына құрметпен қарайтындығына кепілдік алу қажет.

«Иә» бағасы құзырет бойынша индикаторлар санының сәйкестігі үштен екі бөлігіне (және одан да көп) тең болған жағдайда беріледі.

«Жоқ» бағасы құзырет бойынша индикаторлар санының сәйкестігі үштен екі бөлігінен кем болған жағдайда беріледі.

### **Панельді сұхбат жүргізудің логистикасы**

Панельдік сұхбат мемлекеттік қызметке үміткерлерді бағалаудың қиын және энергия шығынды әдісі болып табылады. Үміткер алатын бұл тәжірибе мемлекеттік органдардың жұмыс берушісінің брендин және мемлекеттік қызмет институтының имиджін ғана емес, сонымен қатар болашақ мемлекеттік қызметші уәждемесінің бастапқы элементі болып табылады. Сондықтан панельді сұхбат жүргізудің логистикасына ерекше көңіл бөлу керек.

#### Уақытша ресурстар

- Панельді сұхбат 1,5-ден 2 сағатқа дейін жалғасады
- Әр сұхбат арасында 30 минуттан кем емес үзілістер болады (15 минут комиссия шешім қабылдау үшін, 15 минут келесі сұхбатқа дайындалу үшін)
- Күніне сұхбат сессиялар саны 4-тен көп емес болады
- Аптасына сұхбат сессиялар саны 12-ден көп емес болады және сұхбат сессиялар екі күнде бір рет өткізіледі.

#### Комиссия мүшелері үшін шарттар

- Үміткерлер туралы ақпаратпен және конкурстық лауазымдардың сипаттамаларымен алдын ала танысу
- Толтыру үшін қажетті кеңсе жабдықтары мен бланкілердің болуы
- Сұхбат жүргізу регламенті және құзыреттерді зерттеу технологиясы бойынша өткізілген нұсқаулық
- Жұмыс күні, демалыс, үзіліс тәртібін сақтау

### **Панельді сұхбат жүргізуге дайындық**

Панельдік сұхбат келесі факторларға байланысты үміткерлер құзыреттерін зерттеудің неғұрлым күрделі нысаны болып табылады:

- Әрекеттері үйлестірілген және құрылымдалған болуы тиіс, бірнеше сұхбат алушылардың болуы
- Құрылымдалған сұхбаттарды өткізудегі панельдік комиссия мүшелерінің тәжірибесі мен шеберлігінің деңгейінің әр түрлі болуы
- Үміткерлерге деген стрестің қосымша деңгейі және сұхбатты ыңғайлы жүргізу үшін қосымша жағдай жасау қажеттілігі
- Панельдік сұхбат жүргізудің еңбек сыйымдылығы деңгейі және комиссия мүшелерінің шаршауы / сұхбат жүргізу кезінде фокустың жоғалуы

Аталған қиыншылықтарға себепті келесі тәжірибелерді ескеру ұсынылады:

- Панельдік комиссияға оқытылған және тәжірибелі сұхбат алушыларды енгізу
- Үнемі сессияны бастау алдында сұхбат форматына және талап етілетін бланктерге қатысты нұсқама жүргізу
- Алдын ала құзыреттерді бағалау және зерттеу үшін қажетті бланкілерді ұсыну және оларды дұрыс толтыру бойынша қажетті оқытуды қамтамасыз ету
- Комиссияның құрамына үйлестіруші және консультациялық рөл атқаратын HR сарапшыны енгізу
- Үміткердің тәжірибесін және құзыреттерін мұқият зерделеу үшін сұхбат жүргізу үдерісіне кемінде 90 минут уақыт бөлу
- Әрбір сұхбаттың қорытындыларын талқылау және қажетті бланкілерді толтыру үшін кемінде 15 минут уақыт бөлу
- Панельдік сұхбаттың саны күніне 4-тен артық емес және аптасына 12-ден артық емес болуы керек. Үміткерлердің құжаттарын алдын ала зерделеу және комиссияның жұмыс істеу қабілетін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз ете үшін, панельдік сессияларды бір күн өткен сайын өткізу керек

### Жеке қасиеттерді бағалау бойынша сауалнаманы қолдану

Жеке қасиеттерін бағалау бойынша тұлғалық сауалнаманы пайдалану неғұрлым сапалы сұхбат жүргізу үшін қосымша мүмкіндік береді.

Жеке қасиеттерді тестілеу нәтижелері сұхбат жүргізу барысын қалыптастыру үшін негіз болады, ол келесі алгоритм бойынша құрылады:

- Лауазымын талдау және құзыреттегі табыс өлшемдерінің негізінде үміткермен сұхбат жүргізу барысында зерттеу үшін аса маңызды құзыреттердің тізбесі анықталады.
- Сұхбат алушылар мінез-құлық сұрақтарын қояды және үміткердің тәжірибесі туралы деректерді жинайды және оларды іріктеудің алдыңғы кезеңінде өткізілген жеке қасиеттерін бағалау жөніндегі қорытындының жауаптарымен салыстырады.
- Үміткердің жауаптарына қатысты сұхбат алушылардың бағалауы жеке қасиеттерін бағалау жөніндегі қорытындыдағы бағалаумен сәйкес келсе, үміткер құзыреттің меңгеру деңгейін растайды.
- Үміткердің жауаптарына қатысты сұхбат алушылардың бағасы жеке қасиеттерін бағалау жөніндегі қорытындыда келтірілген бағадан жоғары немесе төмен болса, комиссия неғұрлым дәл баға алуға ықпал ететін нақтылаушы сұрақтарды қояды. Сонымен қатар, сұхбат бағасы тестілеу қорытындысы бойынша алынған бағадан анағұрлым сенімді болып саналады.

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:** жеке қасиеттерді (жеке құзыреттерді) бағалау бойынша кез келген сауалнама ұйымда қабылданған, сұхбат шеңберінде валидизацияны талап ететін құзыреттер үлгісіне қатысты үміткерлердің кәсіби қасиеттерінің/сипаттамаларының гипотетикалық бағасы болып табылады және үміткерлердің лауазым талаптарына сәйкестігі туралы неғұрлым тиімді шешімдер қабылдау үшін қосымша балама болып табылады.

## Құзыреттер сөздігі

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «А» ЖӘНЕ «Б» КОРПУСТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ЖӘНЕ САРАЛАУШЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР ҮЛГІСІ

Құзыреттер блоктары	Мемлекеттік қызметшілер үшін талап етілетін құзыреттер	Құзыреттердің сипаттамасы
НЕГІЗГІ	Адалдық	Әдептілік нормалар мен стандарттарды сақтау
	Қызмет тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлау	Заңнамамен белгіленген шараларды қабылдай отырып, қызмет сапасына қанағаттанушылықтың тұрақты мониторингі, туындайтын мәселелерді жедел шешу. Ақпаратты қызмет тұтынушыға қолжетімді және түсінікті жеткізе білу қабілеті
	Жауапкершілік	Мемлекеттік қызметшілерді, өз міндеттерін орындау үшін, ашықтық және есеп беру қағидаттарына нақты сәйкестікте жеке жауапкершілікке үздіксіз бағыттау қабілеті
	Бастамашылық	Қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу, идеяларды әзірлеу және ұсыну қабілеті, сондай-ақ өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмысты орындау қабілеті
	Сабырлық	Шектеулі уақыт пен эмоциялық қысым жағдайында жұмыстың тиісті сапасын қамтамасыз ете отырып, сабыр сақтап қалу және өзін-өзі ұстай білу қабілеті
САРАЛАУШЫ	Жүйелік басқару	Үдерістер мен ресурстарды тиімді басқару (материалдық, қаржылық, адами және т. б.), сондай-ақ аз шығындармен және қысқа мерзімде мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін шешімдер қабылдау қабілеті
	Өзгерістерді басқару	Мемлекеттік органды жаңғырту үдерісін жүзеге асыру кезінде қызметкерлерді даярлауда, сүйемелдеуде, оқытуда және қолдауда құрылымдалған тәсілді қолдану қабілеті. Өзгерістерді тиімді енгізу үшін әр қызметкердің ұйымдастырушылық үдерістеріне, жүйелеріне және функционалдық міндеттеріне әсер ету қабілеті
	Стратегиялық ойлау	Қолда бар ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, жалпы көріністі көру, мемлекеттік органның дамуын жоспарлау және болжау қабілеті. Тұрақты дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді шешімдер қабылдау қабілеті
	Басшылық	Мемлекеттік органның мақсаттарына тиімді қол жеткізу үшін қолдау ала отырып, қызметкерлерге және/немесе құрылымдық бөлімшелерге ықпал ету және әсер ету қабілеті. Бағыныштыларды дамытуда эмоциялық интеллект пен тәлімгерлік көрсету қабілеті

<b>Серіктестік пен өзара әрекеттестік</b>	Мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін әріптестермен, басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасай білу. Әріптестермен, бөлімшелермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы түсінікті түрде және кәсіби деңгейде, оларды бірыңғай тәсілдерді әзірлеуге, жоспарларды іске асыруға және жалпы нәтижелерге қол жеткізуге тарта отырып, қолайлы және өнімді қатынастарды құру
<b>Қызметті басқару</b>	Қойылған мақсаттарға жету мақсатында жұмысты тиімді орындау үшін жоспарлау және жүйелеу қабілеті
<b>Шешімдер қабылдау</b>	Уақытында оңтайлы шешім қабылдау үшін жағдайды (ақпаратты) жан-жақты бағалау қабілеті
<b>Шапшаңдылық</b>	Шектеулі уақыт жағдайында жұмысты уақтылы және сапалы орындау қабілеті
<b>Өзін-өзі дамыту</b>	Жұмысты жақсарту үшін жаңа білімді, шеберлікті және дағдыларды үздіксіз меңгеру және қолдану

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың құзыреттерді көрсету деңгейлері және лауазымдар деңгейлері бойынша бөлінуі

<b>ҚҰЗЫРЕТ КӨРСЕТУ Деңгейі</b>	<b>Мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың деңгейлері бойынша жіктелуі</b>	<b>ЛАУАЗЫМ ДЕҢГЕЙІ</b>
<b>«А» деңгейі</b>	Ұйымды, ведомстваны, мемлекеттік органды басқарады	13-15
<b>«В» деңгейі</b>	Құрылымдық бөлімшелердің басшыларын басқарады	10-12
<b>«С» деңгейі</b>	Қызмешілерді басқарады	7-9
<b>«D» деңгейі</b>	Өзін өзі басқарады	1-6

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ» А «ЖӘНЕ» Б « КОРПУСТАРЫНЫҢ  
ӘКІМШІЛІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ ҮШІН НЕГІЗГІ ЖӘНЕ  
САРАЛАУШЫ ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ЖЕКЕ БЕЙІНДЕРІНІҢ МАТРИЦАСЫ**

<b>Әртүрлі деңгейдегі лауазымдар үшін құзыреттердің жеке бейіндерінің матрицасы</b>																
<b>Құзыреттер</b>		<b>ҚР Мемлекеттік әкімшілік қызметкерлер лауазымдарының деңгейі</b>														
		<b>"D" деңгейі</b>					<b>"C" деңгейі</b>			<b>"B" деңгейі</b>			<b>"A" деңгейі</b>			
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
<b>Саралаушы</b>	Жүйелік басқару															
	Өзгерістерді басқару															
	Стратегиялық ойлау															
	Басшылық															
	Шешімдер қабылдау															
	Қызметті басқару															
	Серіктестік пен өзара әрекеттестік															
	Шапшаңдылық															
	Өзін-өзі дамыту															
	<b>Негізгі</b>	Адалдық														
Қызмет тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлау																
Жауапкершілік																
Бастамашылық																
Сабырлық																

**ЛАУАЗЫМДАР ДЕҢГЕЙЛЕРІ-ЛАУАЗЫМДАР –  
ТАЛАП ЕТІЛЕТІН НЕГІЗГІ ЖӘНЕ САРАЛАУШЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР**

<b>ЛАУАЗЫМ ДЕҢГЕЙІ</b>	<b>ӘКІМШІЛІК ЛАУАЗЫМДАР ТІЗІМІ</b>	<b>ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ҚҰЗЫРЕТТЕР</b>
15	Жауапты хатшы (SCS функционалдық блогы) ОМО аппаратының басшысы (SCS функционалдық блогы)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жүйелік басқару</li> <li>Өзгерістерді басқару</li> <li>Стратегиялық ойлау</li> <li>Басшылық</li> <li>5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>
14	Аппарат басшысы (облыс әкімдіктері) (SCS функционалдық блогы)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жүйелік басқару</li> <li>Өзгерістерді басқару</li> <li>Стратегиялық ойлау</li> <li>Басшылық</li> <li>Шешімдер қабылдау</li> <li>5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>

13	<p>Комитет төрағасы (А функционалдық блогы))</p> <p>Облыстық маңызы бар қала/облыс ауданының әкімі (А функционалдық блогы)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жүйелік басқару</li> <li>• Өзгерістерді басқару</li> <li>• Стратегиялық ойлау</li> <li>• Басшылық</li> <li>• Шешімдер қабылдау</li> <li>• 5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>
12	<p>ОМО құрылымдық бөлімшесінің басшысы (А функционалдық блогы)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өзгерістерді басқару</li> <li>• Стратегиялық ойлау</li> <li>• Басшылық</li> <li>• Шешімдер қабылдау</li> <li>• Қызметті басқару</li> <li>• Серіктестік пен өзара әрекеттестік</li> <li>• 5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>
11	<p>ОМО құрылымдық бөлімшесінің басшысы (В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО құрылымдық бөлімшесі басшысының орынбасары (А функционалдық блогы)</p> <p>Комитет төрағасының орынбасары (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО құрылымдық бөлімшесінің басшысы (В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО облыстық аумақтық органының басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>Тексеру комиссиясының төрағасы, облыс мәслихаты аппаратының басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>облыстық маңызы бар қала / облыс ауданы әкімінің орынбасары (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыстық атқарушы органның (басқармасынын) басшысы (функционалдық блок А)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өзгерістерді басқару</li> <li>• Стратегиялық ойлау</li> <li>• Басшылық</li> <li>• Шешімдер қабылдау</li> <li>• Қызметті басқару</li> <li>• Серіктестік пен өзара әрекеттестік</li> <li>• 5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>
10	<p>ОМО құрылымдық бөлімшесі басшысының орынбасары (В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО құрылымдық бөлімшесінің басшысы (С функционалдық блогы)</p> <p>ОМО құрылымдық бөлімшесі басшысының орынбасары (В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО құрылымдық бөлімшесінің басшысы (В функционалдық блогы)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өзгерістерді басқару</li> <li>• Стратегиялық ойлау</li> <li>• Басшылық</li> <li>• Шешімдер қабылдау</li> </ul>

	<p>ОМО облыстық аумақтық органы басшысының орынбасары (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО облыстық аумақтық органындағы Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі (А функционалдық блогы)</p> <p>Тексеру комиссиясының мүшесі, тексеру комиссиясы аппаратының басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыстық маңызы бар қала / облыс ауданы әкімі аппаратының басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>Аудандық маңызы бар қалалардың/ауылдардың/кенттердің/ауылдық округтің әкімі (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыстық атқарушы орган (басқарма) басшысының орынбасары (А функционалдық блогы)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қызметті басқару</li> <li>• Серіктестік пен өзара әрекеттестік</li> <li>• 5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>
<p>9</p>	<p>ОМО құрылымдық бөлімшесі басшысының орынбасары (С функционалдық блогы)</p> <p>ОМО-дағы басқарма басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО-дағы кеңесші (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО-дағы Әдеп жөніндегі уәкіл (В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО құрылымдық бөлімшесі басшысының орынбасары (С функционалдық блогы)</p> <p>ОМО аудандық аумақтық органының басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>Қазақстан халқы Ассамблеясы аппаратының (хатшылығының) меңгерушісі (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары (А функционалдық блогы)</p> <p>Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>Аудандық атқарушы органның бөлім басшысы (А функционалдық блогы)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Басшылық</li> <li>• Шешімдер қабылдау</li> <li>• Қызметті басқару</li> <li>• Серіктестік пен өзара әрекеттестік</li> <li>• 5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>
<p>8</p>	<p>ОМО-дағы басқарма басшысы (В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО баспасөз хатшысы (В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО облыстық аумақтық органының басқарма басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО аудандық аумақтық органы басшысының орынбасары (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыс әкімі/мәслихат аппараттарындағы бөлім басшысы, Облыстың тексеру комиссиясы (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыс әкімі/мәслихат аппараттарындағы кеңесші, Облыстың тексеру комиссиясы (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыс әкімі/ мәслихат аппараттарындағы Әдеп жөніндегі уәкіл, Облыстың тексеру комиссиясы (В функционалдық блогы)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Басшылық</li> <li>• Шешімдер қабылдау</li> <li>• Қызметті басқару</li> <li>• Серіктестік пен өзара әрекеттестік</li> <li>• 5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>



	<p>Аудандық маңызы бар қалалар/ауылдар/ кенттер/ ауылдық округтер әкімінің орынбасары (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыстық атқарушы органның бөлім басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>Аудандық атқарушы орган басшысының орынбасары (А функционалдық блогы)</p>	
7	<p>Облыстық атқарушы органның (басқарманың) бөлім басшысы (В функционалдық блогы)</p> <p>Аудандар, қаладағы аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің/мәслихатының аппараттарындағы бөлім басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>Аудандар, қаладағы аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің/мәслихат аппараттарындағы кеңесші (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыс әкімі/мәслихат аппараттарындағы бөлім басшысы, Облыстың тексеру комиссиясы (В функционалдық блогы)</p> <p>Облыс әкімі/мәслихат аппараттарындағы кеңесші, Облыстың тексеру комиссиясы (В функционалдық блогы)</p> <p>Облыс әкімі/мәслихат аппараттарындағы бас инспектор, Облыстың тексеру комиссиясы (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО аудандық аумақтық органы бөлімінің басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО басқарма басшысы (С функционалдық блогы)</p> <p>ОМО облыстық аумақтық органы бөлімінің басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО-дағы бас консультант (А функционалдық блогы)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Басшылық</li> <li>• Шешімдер қабылдау</li> <li>• Қызметті басқару</li> <li>• Серіктестік пен өзара әрекеттестік</li> <li>• 5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>
6	<p>ОМО-дағы бас сарапшы (А функционалдық блогы)</p> <p>ОМО-дағы бас консультант(В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО-дағы көмекші (С функционалдық блогы)</p> <p>ОМО облыстық аумақтық органы бөлімінің басшысы (В функционалдық блогы)</p> <p>ОМО облыстық аумақтық органы басқармасының басшысы (С функционалдық блогы)</p> <p>ОМО аудандық аумақтық органының бөлім басшысы (В функционалдық блогы)</p> <p>Облыс әкімі/мәслихат аппаратындағы бас инспектор, Облыстың тексеру комиссиясы (В функционалдық блогы)</p> <p>Облыс әкімі/мәслихат аппараттарындағы бөлім басшысы, Облыстың тексеру комиссиясы (С функционалдық блогы)</p> <p>Аудандар, қаладағы аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдері/мәслихат аппараттарындағы бас инспектор (А функционалдық блогы)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қызметті басқару</li> <li>• Серіктестік пен өзара әрекеттестік</li> <li>• Шапшаңдылық</li> <li>• Өзін-өзі дамыту</li> <li>• 5 Негізгі құзыреттер</li> </ul>

	<p>Аудандар, қаладағы аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің/мәслихат аппараттарындағы бөлім басшысы (В функционалдық блогы)</p> <p>Аудандық маңызы бар қалалар/ауылдар/кенттер/ауылдық округ әкімінің аппараттарындағы бөлім басшысы (А функционалдық блогы)</p> <p>Аудандық маңызы бар қалалар/ауылдар/ кенттер/ ауылдық округ әкімінің аппараттарындағы кеңесші (А функционалдық блогы)</p> <p>Облыстық атқарушы органның (басқармасының) бөлім басшысы (С функционалдық блогы)</p> <p>Аудандық атқарушы органның сектор меңгерушісі (А функционалдық блогы)</p>	
